



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

25.02.2025 жыл

№ 4, 1-т.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқыту тұжырымдамасын бекіту туралы.

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің 2025-2029 жылдарға арналған кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқыту тұжырымдамасының жобасын қарастырып, сондай-ақ кәсіподақ қызметкерлерінің кәсіби даярлық деңгейін көтеру, көшбасшылық қасиетін дамыту, құқықтық сауаттылығын қамтамасыз ету және әлеуметтік-экономикалық саладағы өзгерістерге бейімделу қажеттіліктерін ескере отырып, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару Комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің 2025-2029 жылдарға арналған кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқыту тұжырымдамасы бекітілсін (қоса беріледі).

2. Барлық деңгейдегі Кәсіподақ органдарының басшылары бекітілген мақсат, міндет және негізгі бағыттарға сәйкес кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқыту тұжырымдамасын жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарына:

3.1. жыл сайын кәсіподақтық оқытуды ұйымдастыруға және өткізуге кәсіподақ органдарының сметасының шығыс бөлігінде 10%-дан кем емес бөлігін жіберу;

3.2. онлайн-оқыту, вебинарлар және цифрлық платформаларды қоса алғандағы заманауи білім беру технологияларын белсенді пайдалану;

3.3. кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқытуға ұдайы мониторинг жүргізу және тиімділігін бағалау;

3.4. тәжірибемен алмасу және оқыту сапасын арттыру мақсатында білім беру мекемелерімен, мемлекеттік органдармен және халықаралық кәсіподақ құрылымдарымен өзара қатынасты жандандыру ұсынылсын.

4. Кәсіподақтың Орталық Комитетінің аппаратына:

4.1. кәсіподақтық оқытудың басымдықтары мен еңбек саласындағы қазіргі талаптарын ескере отырып, Тұжырымдамамен қарастырылған шаралардың жүзеге асырылуы бойынша жұмыстар ұйымдастыру;

4.2. кәсіподақтық оқытудың тиімділігін бағалау және жыл сайынғы анализін (талдауын) жүргізу арқылы Тұжырымдаманың орындалуына бақылау және мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету;

4.3. кәсіподақ кадрлары мен активтерін жүйелі даярлауды қамтамасыз ету мақсатында Орталық Комитет жанынан Оқу-әдістемелік орталығын құру бойынша ұсыныстарды Кәсіподақтың Атқару Комитетінің қарауына 2025 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде дайындау және енгізу;

4.4. жаңа оқу жылында кәсіподақ кадрлары мен активтерінің әртүрлі санаттарын оқытудың бірыңғай бағдарламасын 2025 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде жасақтау және мүшелік ұйымдарға жіберу;

4.5. кәсіподақ оқытушылары мен тренерлерінің біліктілігін көтеру үшін үнемі курстар, тренингтер, семинарлар мен конференциялар өткізуді ұйымдастыру;

4.6. кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқыту үшін әдістемелік материалдарды әзірлеп шығару тапсырылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ Төрағасының Орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева